**«Балабақшада консультациялық пункт**
**қызметін жалғастыру туралы»**

Балабақшада мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін, отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналардың (заңды өкілдердің), оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасау құзыреттілігін арттыру мақсатында ата-аналарға арналған консультативтік пункт қызметін жалғастыруды ұйымдастыруды **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Балабақшада ата-аналарға арналған консультациялық пункт қызметі жалғастырылсын;

2. Консультациялық пункттің тиісті түрде жұмыс жасауын балабақша иновация әдіскері қамтамасыз етсін;

3. Консультациялық пункттің жұмысы берілген ережеге сәйкес жүргізілсін;

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Білім басқармасының 18.01.2023 ж. бұйрығы

**Меңгеруші** **Г.К. Бектурганова**

Бұйрықпен таныстым:
Б.С.Абдуова__________________

Астана қаласы әкімдігінің № 1 «Бәйтерек» балабақшасы МКҚК
2025-2026 оқу жылына арналған консультациялық пункттің

**ЕРЕЖЕСІ**

1. КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫК ПУНКТТЕР

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға, сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға (заңды өкілдерге) әдістемелік және консультациялық көмек көрсету жөніндегі консультациялық пункт қала аумағында № 1 «Бәйтерек» балабақшасы (бұдан әрі - № 1 «Бәйтерек» балабақшасы) қолжетімділігін, отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында құрылды.

2. Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) баланы оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыратын консультациялық көмек көрсету;
- мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы проблемаларды тану, диагностикалау;
- № 1 «Бәйтерек» балабақшасына бармайтын балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) көмек көрсету;
- ата-аналарды (заңды өкілдерді) балаға оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсететін білім беру жүйесінің ұйымдары туралы хабардар ету.

3. Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру қағидаттары:

- құпиялық қағидаты: баланың және оның отбасының ерекшеліктері туралы ақпарат ата-анасының келісімінсіз жария етілмейді;
- кешенділік қағидаты: ата-аналармен жұмысты әртүрлі бейіндегі мамандар тобы жүзеге асырады;
- ғылымилық кағидаты: мектепке дейінгі ұйым ұсынатын ақпарат сенімді/растаған болуы керек;
- қолжетімділік қағидаты: ата-аналарға арналған барлық ақпарат артық терминологияны қолданбай қол жетімді түрде беріледі.

4. Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру

4.1. № 1 «Бәйтерек» балабақшасының базасындағы консультациялық пункт қалалық Білім басқармасының бұйрығы негізінде балабақша меңгерушісінің ішкі бұйрығымен өрт қауіпсіздігі ережелерін, санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып, кадрлық, қажетті бағдарламалық-әдістемелік материалдардым қамтамасыз ете отырып құрылады және №1«Бәйтерек» балабақшасына жарғысында көрсетіледі.
4.2. Консультациялық пункт №1«Бәйтерек» балабақшасы меңгерушісінің бұйрығымен бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді.
4.3. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) тікелей жұмысты консультативтік пункт мамандары (штат кестесіне сайкес логопед, педагог-психолог, тәрбиешілер, музыкалық жетекші, дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы, әдіскер және басқа да қызметкерлер) жүзеге асыра алады.
4.4. Мамандар ата-аналарға (заңды өкілдерге) ұсынымдар береді және оларға өз құзыреті шегінде консультация береді. Көмек тегін көрсетіледі. Ата-аналар (заңы өкілдер) алғашқы жүгінген кезде консультация ала алады немесе
№1 «Бәйтерек» балабақшасының нақты қызметкерімен кездесу туралы келісе алады.

4.5. Ауызша консультациялардан басқа ата-ана (заңды өкіл) баспа (буклеттер, жадынамалар, тәжірибелік материалдарды іріктеу) және электрондық тасығыштарда (фото және бейнематериалдар, флэш-карталар, балабақша сайтына кіру) пайдалы ақпарат алады.

4.6. Консультациялық пункт мамандарының жұмыс режимін №1 «Бәйтерек» балабақшасының жұмыс режиміне сүйене отырып, меңгеруші дербес айқындайды.

4.7. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастырудың негізгі нысандары:

. жеке және кіші топтық кеңестер;
. семинар-практикумдар;
. дөңгелек үстелдер;
. мәлімделген мәселе бойынша тақырыптық сабақтар;
. пікірталастар;
. тренингтер;
. ашық сабақтар.

4.8. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) топтық сабақтардың жиілігі айына
1 рет, жеке сабақтардың жиілігі белгіленген кестеге сәйкес ата-аналардың (занды өкілдердің) қажеттілігіне қарай айқындалады. Ата-аналарға кеңес беру ұзақтығы 30 минутқа дейін.

4.9. Кіші топтық сабақтардың болжамды тақырыбын балабақша мамандары анықтайды, бірақ ата-аналардың сұраныстарына сәйкес өзгеруі мүмкін.

## 5. Консультациялық пунктке басшылық ету

5.1. Консультациялық пунктке жалпы басшылықты № 1 «Бәйтерек» балабақшасының меңгерушісі жузеге асырады.

5.2. № 1 «Бәйтерек» балабақшасының меңгерушісі: Г.К.Бектурганова

- ата-аналармен консультациялык жұмыс жүргізу үшін жағдай жасауды камтамасыз етеді;
- кеңес беру жұмысы үшін педагогтерді таңдайды.

## 6. Консультациялық пункт қызметінің негізгі мазмұны

6.1. Консультациялық пункте ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру № 1 «Бәйтерек» балабақшасы мамандарының қызметін кіріктіру негізінде құрылады.

6.2. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беруді бір уақытта бір немесе бірнеше маман жургізе алады.

6.3. Консультациялық пунктте ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған консультациялар, теориялық және практикалық семинарлар ұйымдастырылуы мүмкін.

6.4. Консультациялық қызмет келесідей мәселелерді:

- балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктерін;
- ерте жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту ерекшеліктерін;
- ерте жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртурлі ауытқулардың алдын алуды;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму бұзылыстарын түзету және дамытуды;
- балаларды әлеуметтендіруді;
- балаларды балабақшаға барған кезде бейімдеуді;
- дамыту бағдарламасын таңдауды;
- ойын әрекетін ұйымдастыруды;
- балалардың тамақтануын ұымдастыруды;

- балаларды шынықтыру және сауықтыру үшін жағдай жасауды;
- балаға жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсете алатын білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау жүйесі ұйымдары туралы ақпарат беруді қамтиды.

## 7. Консультациялық пункттің құжаттамасы

7.1.Консультациялық пункттер көрсетілген әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, диагностикалық және консультациялық көмектің есебін жүргізеді (кесте, жұмыс жоспары, консультациялық пункт жұмысын есепке алу журналы, мектепке дейінгі жастағы балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларга психологиялық-педагогикалық көмекке консультативтік пунктіне баратын ата-аналарды (заңды өкілдерді) тіркеу журналы);
7.2. Консультациялық пунктіндегі ата-аналардың өтініштерін есепке алу журналында мамандар қабылдаған күні, уақыты, тақырыбы, сұрақтары, кеңес берушінің аты-жөні және маманның ұсыныстары көрсетіледі.
7.3. Консультациялық пункттің қызметі туралы есеп жылына 2 рет әзірленеді және ағымдағы жылдың 30 маусымы мен 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Білім басқармасына (әдістемелік бөлімге) жолданады.

## 8. Консультациялық пункттің жұмысын бағалау критерийлері

Консультативтік пункт жұмысының нәтижелілігін бағалауды және анықтауды ата-аналар әрбір кездесуден кейін жүзеге асырады, ол ушін ата-аналарға сауалнаманы толтыру ұсынылады (сауалнамаға арналған сұрактарды мамандар дербес дайындайды). Сауалнама деректері бойынша жылдың соңында қорытынды шығарылады.

**Астана қаласы әкімдігінің МКҚК «№ 1 «Бәйтерек» балабақшасы**
2-5 жасқа дейін балабақшаға келетін балалардың ата-аналарына мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған

**Консультациялық пункт мамандарының жұмыс кестесі**

| Апта күндері | Жұмыс уақыты | Жұмыс нысаны | Жауапты маманның лауазымы |
|---|---|---|---|
| Дүйсенбі | 8.00-18.00 | Кеңес беру | Меңгеруші |
| Сейсенбі | 8.00-18.00 | Кеңес беру | Әдіскер |
| Сейсенбі | 8.00-18.00 | Кеңес беру | Медбике |
| Сәрсенбі | 8.00-13.00 | Кеңес беру | Педагог-психолог |
| Сәрсенбі | 8.00-13.00 | Кеңес беру | Педагог-психолог |
| Сәрсенбі | 8.00-13.00 | Кеңес беру | Педагог-психолог |
| Сәрсенбі | 9.00-15.00 | Кеңес беру | Логопед |
| Сәрсенбі | 9.00-.15.00 | Кеңес беру | Дефектолог |
| Жұма | 8.00-15.00 | Кеңес беру | Дене шынықтыру нұсқаушысы |
| Жұма | 8.00-15.00 | Кеңес беру | Дене шынықтыру нұсқаушысы |
| Бейсенбі | 8.00-15.00 | Кеңес беру | Музыка жетекшісі |
| Бейсенбі | 8.00-15.00 | Кеңес беру | Музыка жетекшісі |
| Бейсенбі | 8.00-15.00 | Кеңес беру | Музыка жетекшісі |
| Жұма | 8.00-15.00 | Кеңес беру | Бейнелеу өнері жетекшісі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жұма | 8.00-15.00 | Кеңес беру | Қазақ тілі мұғалімі |
| Жұма | 8.00-15.00 | Кеңес беру | Қазақ тілі мұғалімі |

**Астана қаласы әкімдігінің МКҚК «№ 1 «Бәйтерек» балабақшасы**

2-5 жасқа дейін балабақшаға келетін балалардың ата-аналарына мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған

**КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ**

**Консультациялық пункттің мамандары:**

| **№** | **Кеңес берушінің тегі, аты, әкесінің аты** | **Лауазымы, санаты** |
|---|---|---|
| 1 | Бектурганова Г.К | Меңгеруші |
| 2 | Абдуова Б.С | Әдіскер |
| 3 | Омаргазина Н.Р | Инновация әдіскері |
| 4 | Тургунбаева А.А. | Медбике |
| 5 | Такекова Ш.М | Педагог-психолог |
| 6 | Карибаева С.Б. | Педагог-психолог |
| 7 | Абдухалыкова Д.Х | Логопед |
| 8 | Байбазарова А.М | Логопед |
| 9 | Курмангожина С.К. | Дефектолог |
| 10 | Мырзабек Е.Т | Дене шынықтыру нұсқаушысы |
| 11 | Байжанов Е.Б | Дене шынықтыру нұсқаушысы |
| 12 | Самұрат А.А | Музыка жетекшісі |
| 13 | Димкеева А.Р. | Музыка жетекшісі |
| 14 | Мажитова А.Т. | Музыка жетекшісі |
| 15 | Сақтағанова А.Ә | Бейнелеу өнері жетекшісі |
| 16 | Әли Л.Ж | Қазақ тілі мұғалімі |
| 17 | Исабекова Б.К | Қазақ тілі мұғалімі |
| | Күнделікті | Фото және бейне материалдар:<br>Балабақша сайты:<br>https://www.facebook.com/profile.php?id=100087735660214&mibextid=LQQJ4d |

**Құрметті ата-аналар !**

Біздің № 1 «Бәйтерек» балабақшасында мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған Консультациялық пункт жұмыс істейді.

Консультациялық пункт - бұл өз баласына жылылық пен мейірімділік сыйлауды, барлық қоршаған орта адамдарына шынайы сүйіспеншілікпен қарауды, қамқорлық пен жауапкершілікті үйретуді қалайтын аналар мен әкелерге қолдау және көмек көрсететін орын.

Онда сіздерге төмендегі білікті мамандар көмек көрсетеді.

**Астана қаласы әкімдігінің МКҚК «№ 1 «Бәйтерек» балабақшасы**

2-5 жасқа дейін балабақшаға келетін балалардың ата-аналарына мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған

**Консультациялық пунктің жұмыс кестесі**

| № | Кеңес берушінің тегі, аты, әкесінің аты | Лауазымы, санаты | Қабылдау уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Бектурганова Г.К | Меңгеруші | Дүйсенбі |
| 2 | Абдуова Б.С | Әдіскер | Сейсенбі |
| 3 | Омаргазина Н.Р | Инновация әдіскері | Сейсенбі |
| 4 | Тургунбаева А.А. | Медбике | Сейсенбі |
| 5 | Такекова Ш.М | Педагог-психолог | Сәрсенбі |
| 6 | Карибаева С.Б. | Педагог-психолог | Сәрсенбі |
| 7 | Абулхалыкова Д.Х | Логопед | Сәрсенбі |
| 8 | Байбазарова А.М | Логопед | Сәрсенбі |
| 9 | Курмангожина С.К. | Дефектолог | Сәрсенбі |
| 10 | Мырзабек Е.Қ | Дене шынықтыру нұсқаушысы | Жұма |
| 11 | Байжанов Е.Б | Дене шынықтыру нұсқаушысы | Жұма |
| 12 | Самұрат А.А | Музыка жетекшісі | Бейсенбі |
| 13 | Димкеева А.Р. | Музыка жетекшісі | Бейсенбі |
| 14 | Мажитова А.Т. | Музыка жетекшісі | Бейсенбі |
| 15 | Сақтағанова А.Ә | Бейнелеу өнері жетекшісі | Жұма |
| 16 | Әли Л.Ж | Қазақ тілі мұғалімі | Жұма |
| 17 | Исабекова Б.К | Қазақ тілі мұғалімі | Жұма |

**2025 - 2026 оқу жылына арналған консультациялық пункт жұмысының жоспары**

| Тақырыбы | Өткізу формасы | Өткізу уақыты | Мамандар |
|---|---|---|---|
| «Достар әлемі» | Балабақшаға саяхат | Қыркүйек | МДҰ меңгерушісі |
| «Баланың балабақшаға бейімделуі» | Дөңгелек үстел | | МДҰ меңгерушісі<br>Педагог -психолог |
| Диагностикалық жұмыс | Балаларды зерттеу | Қазан | КП мамандары |
| «Біз қалай балалармен сөйлесеміз?» | Консультация | | Педагог-психолог<br>Логопед<br>Дефектолог |
| «Кел, танысайық» | Дөңгелек үстел | Қараша | Педагог-психолог<br>Медициналық қызметкер |
| «Кішкентай көмекшілер» (ерте жастағы балаларды ұсақ моторикаға дамыту) | Ойын-сабақ | | КП мамандары |
| «Баламен тақырыптық серуендер» | Дөңгелек үстел | Желтоқсан | Әдіскер<br>КП мамандары |
| «Менің көңілді добым» (доппен ойындар) | Ойын-сабақ | | Дене шынықтыру бойынша инструктор |
| «Дыбыстар,дыбыстар, біз сізді естиміз, сіз бізден кетпейсіз » (есту ынтасы мен | Дөңгелек үстел | Қаңтар | Логопед |

| | | | |
|---|---|---|---|
| фонематикалық естуын дамыту) | | | |
| «Көзді ашып-жұмған қандай қызық» (есту ынтасын дамыту) | Ойын-сабақ | | Логопед Дефектолог |
| «Денсаулық, күн тәртібі» | Дөңгелек үстел | Ақпан | Медициналық қызметкер |
| «Нейробика – қарапайым жаттығулар жиынтығы» (баланың танымдық және жүйке жүйесінің қабілетін арттыру)/ | Дөңгелек үстел | | Педагог-психолог Дефектолог |
| «Сүйкімді балапан» (саусақпен бояу) | Ойын-сабақ | Наурыз | Бейнелеу өнері педагогы |
| «Бала кітапшасы» | Дөңгелек үстел | | |
| «Дөңгелекпен жолда» (тіл дамыту) | Ойын-сабақ | Сәуір | |
| «Ал, канекей, ойналық» | | | Әдіскер КП мамандары |
| «Секіру» (балалармен қимыл-қозғалыс ойындары) | Ойын-сабақ | Мамыр | Дене шынықтыру инструкторы |
| «Көңілді пирамидалар» (Ермексазбен жұмыс) | Ойын-сабақ | | Бейнелеу өнері жетекшісі |
| Ата-аналар өтініші бойынша консультациялау | Консультациялар, балаларды зерттеу | Жыл бойы | Аға тәрбиеші КП мамандары |

**Мамандардың консультациялық пунктіне**
**ата-аналардың (заңды өкілдің)**
**өтініштерін есепке алу журналы**

**Мамандардың консультациялық пунктіне ата-аналардың (заңды өкілдің)**
**өтініштерін есепке алу журналы (мектепке дейінгі ұйымның атауы)**

| р/н | Консультацияны өткізу күні, уақыты | Консультацияның сұрағы тақырыбы | Консультация өткізу нысаны | Консультанттың аты-жөні, лауазымы | Консультация барысында ұсынылған ұсынымдар |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

**Консультациялық пункт**
**мамандарын есепке алу журналы**

| № р/с | Консультацияны өткізу күні, уақыты | Консультацияның тақырыбы | Консультацияның өткізілу нысаны | Консультация берушінің аты-жөні, лауазымы | Консультация барысында берілген ұсынымдар |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |